



С ДНЕМ ЗНАНИЙ!

*Дорогие студенты, уважаемые преподаватели!
Поздравляю Вас с Днем знаний!*

Начало нового учебного года – очень важное для каждого из наших студентов событие. С особым волнением этот день ждали первокурсники, для которых 1 сентября – начало всех начал, стартовая площадка в будущее. Поздравляя с поступлением в наш вуз, хочу сказать, что вы вступаете в новую жизнь, где вас ждут годы интересной учебы и счастливая, незабываемая пора студенчества. Ваши преподаватели надеются, что вы никогда не разочаруетесь в своём выборе, став специалистами высокого класса. Дорожите каждым днем, цените каждый час и минуту, активно включайтесь в учебу, в научную, культурную и спортивную жизнь, смело и решительно шагайте вперед, накапливая знания, которые сделают вас профессионалами!

Желаю успешно закончить наш вуз и тем нашим студентам, кто в этом году станет выпускниками, мы верим, что каждый из вас сделает достойную карьеру, найдет свое место в жизни!

Все вы живете в очень интересное, динамичное время – время перемен, новых технологий, знаний, идей. Оно дает не только безграничные возможности, но и рождает новые вызовы, новые требования. Но сколь переменчивым бы ни был этот мир, ясно одно – будущее нашей страны, каждого из вас зависит от уровня образования. Те знания, которые вы получите в студенческой аудитории и на практике и станут для вас крепким фундаментом, надежной опорой. Чтобы уверенно преодолеть этот нелегкий путь, надо неустанно учиться, ставить перед собой правильные цели и самые смелые планы, не бояться пробовать и рисковать, стремиться сформироваться как яркая, твор-

ческая личность. И тогда все у вас получится!

Многого каждый из вас сможет добиться уже в студенческие годы. Рядом с вами ваши педагоги, доктора наук, профессора, всегда готовы поделиться знаниями, помочь реализовать интересные проекты и разработки. На профессорско-преподавательский состав мы возлагаем огромную ответственность за формирование качественного кадрового потенциала страны, воспитание высококвалифицированных специалистов, достойных граждан своей страны.

Пусть этот учебный год для каждого будет интересным, богатым на хорошие события, свершения и успехи! Научных и творческих побед всем, успешного воплощения добрых замыслов и начинаний! Здоровья, счастья и благополучия вам и вашим близким!

*А. А. Кусаинов,
Президент КАУ*

*Уважаемые члены Совета
попечителей КАУ*

*Мурат Нурмуханович Мухаметалин!
Жакып Батырханович Такенов!
Кали Есимбеков!*

*От всего коллектива КАУ поздравляем
Вас с днем рождения!*

*Желаем Вам здоровья, оптимизма,
реализации идей и задуманных планов,
улыбок фортуны, успеха, семейного
благополучия и счастья. А еще бодрости
духа, стабильности, позитива, ярких
событий, незабываемых впечатлений и
только счастливых случаев!*

*Пусть Вас всегда сопровождают по жизни
успех, здоровье и счастье в личной
жизни. Пусть Вас никогда не перестают
ценить и уважать, а будут лишь брать
пример. Желаем, чтобы Ваши конкуренты
всегда были на несколько шагов позади.
Бодрости и энергии Вам во всех деловых
начинаниях!*



Отдельно хотелось бы поздравить наших первокурсников с поступлением в Казахско-Американский университет. Добро пожаловать в дружную семью КАУ! Желаем Вам всех благ и творческих успехов на студенческом поприще! Администрация и преподаватели университета надеются, что вы, как новая волна, поднимете имя КАУ на более высокие вершины и станете нашей гордостью!

В этом году по специальностям «Журналистика» и «Радиотехника, электроника и телекоммуникации» студентам 1-го курса были предоставлены государственные гранты. На первый курс университета поступили студенты, ставшие обладателями знака «Алтын белгі».

В новый учебный год мы

В ДОБРЫЙ ПУТЬ!

Дорогие наши студенты! От всей души поздравляем Вас с началом учебного года! Надеемся, что новый 2018-2019 учебный год будет для Вас результативным во всех ваших начинаниях!

пришли изменившимися, сегодня наш университет является динамично развивающимся вузом на образовательном пространстве Казахстана.

В университете работают квалифицированные преподаватели, сочетающие в себе талант умелого педагога и продвинутого ученого. Образовательные программы вуза изменены с учетом новых тенденций в высшем образовании страны и лучших

мировых практик.

В этом году студентов КАУ будут ждать интересные мероприятия, бурлящая студенческая жизнь, встречи с состоявшимися отечественными и зарубежными личностями, различные проекты, стимулирующие социальную активность. И мы надеемся, что наши студенты проявят творческие инициативы, креативность, достигнут новых достижений в учебе и спорте.

Ежегодно на основании заключенных партнерских соглашений КАУ направляет студентов по академической мобильности в зарубежные вузы-партнеры. Целью данного обмена является приобретение студентами новых компетенций, культурное разнообразие, налаживание диалога между казахстанской молодежью и их сверстниками из других стран. Помимо направления своих сту-

дентов, КАУ принимает по обмену и зарубежных студентов.

Университет позиционирует себя как устойчивый вуз, который предоставляет новые возможности по самореализации своих студентов, и путем развития учебной инфраструктуры и образовательных программ раскрывает новые грани своих обучающихся.

КАУ гордо смотрит в будущее, и мы уверены в нашем успехе, в основе которого успех наших студентов, будущих выпускников – компетентных специалистов и достойных членов общества!

*К.С. Абдыхалыков,
декан кампуса
Казахско-Американского
университета*



Вы сделали правильный выбор!

Преподаватели Алматинского колледжа связи ежегодно проводят огромную работу в школах г.Алматы и областей страны, чтобы помочь выпускникам определиться с выбором профессии. Радует, что в этом году наблюдается большой поток абитуриентов в АКС при КАУ.

Учебный процесс в колледже включает элементы высшей школы: лекции, практические занятия, экзаменационные сессии, защита дипломной работы и другие, готовя техников по связи, техников-радиотехников, техников-программистов, техников по защите информации, переводчиков.

Кредитная технология обучения позволяет студентам быть не пассивным участником обучения, а активным творцом, способным самостоятельно добывать, анализировать и синтезировать информацию, принимать в различных профессиональных ситуациях неоднозначные решения, иметь собственное индивидуальное видение предмета.

Нет ни одного предприятия связи, где бы ни трудились наши выпускники, став круп-

ными руководителями и учеными. С гордостью назову имена Ш.Б. Раздыкова, генерального директора ГЦТ «Алматытелеком», Б.Ж. Кемельбекова, д.т.н., академика, действительного члена Международной Академии наук РФ, С.К.Карасаева, коммерческого директора Актюбинского ОДТ, В.Е.Ключниковой, директора департамента стратегии и корпоративного управления, Б.К.Тулекова, директора Костанайского ОРДТ и др.

Студенческие годы самые насыщенные: они и веселье, и трудные, ведь за несколько лет обучения необходимо обеспечить прочную базу знаний, проявив организаторские способности, воплотив творческие и личные мечты. Ежегодно у нас проходят студенческие научно-практические конференции, об-



учающиеся готовят культурные программы, концерты, творческие встречи. Студенты посещают спортивные секции, участвуют в соревнованиях, защищая честь родного колледжа. Регулярно организуются ярмарки «Hand-may», студенты радуют кулинарным искусством, ручными поделками, перечисляя вырученные деньги в детские дома.

В новом учебном году Алматинский колледж связи пополнили талантливые юноши и девушки, с профессиональными и жизненными амбициями. И в колледже им помогут раскрыть способности, обрести яркую индивидуальность.

*А.Р.Рахимкужаева
преподаватель Алматинского колледжа связи*

МЕДАЛИСТЫ, КОТОРЫМИ ГОРДИТСЯ ВСЯ ШКОЛА

Из стен школы при КАУ за эти 20 лет вышло много выпускников, успешно реализовавших себя в различных видах деятельности. В самых разных уголках нашей республики и за рубежом живут и работают выпускники нашей школы. Среди них учителя и строители, рабочие и предприниматели, работники правоохранительных органов и руководители предприятий, фирм. Все эти люди получили первоначальное образование в нашей школе.

В 2018 году школа при КАУ выпустила 16 студентов, среди которых два студента закончили школу на знак «Алтын белгі»: Давид Алврцян, который учился у нас с «0» класса и Аружан Хасенова. Два студента получили аттестаты с отличием: Илья Андреев и Ислам Карагезов. Успешная учеба в школе при КАУ стала залогом успешного будущего и заслуженной наградой наших медалистов, обладателей знака «Алтын белгі».

Выпускники 11 «В» класса особенно рады тому, что все отлично сдали Единое национальное тестирование. Коллектив учителей, не жалея сил и энергии, отдали все свои знания и опыт этим ребятам, создав все самые благоприятные условия для учебы и раскрытия талантов и способностей учеников.

*Когда для вас звенел
звонок весёлый,
Заветных обещаю 100 дорог,
Не верили вы в то, что очень скоро
Вас сердце снова в школу позовёт.
Не знали вы, как дорог
станет класс вам,
В котором провели вы столько лет!
Нет, эти годы были не напрасны,
И осветил вам путь их тёплый свет.*



Результатом самоотверженного труда учителей стали награды наших студентов. Нынешние выпускники школы при КАУ показывали выдающиеся успехи не только в учебе, но и на различных олимпиадах, конкурсах, спортивных соревнованиях, музыкальных и театральных мероприятиях. Надеемся, что они станут профессионалами в своем деле и людьми, которыми мы будем гордиться.

Согласитесь, что человек – существо удивительное: посто-

янно торопит время, бежит вперед него, спешит жить. Именно так пролетели все 11 школьных лет – быстро и практически незаметно. Но вот, что не забудется никогда – это трепетное отношение учителей к своим предметам, их искреннее желание вырастить достойных уважения людей, а также любовь куратора Айны Бикеновны Аликуловой, которая дает все силы на свободный полет окрепших в гнезде птенцов.

Наши претенденты на знак «Алтын белгі» заставили всех трепетать, радоваться и гордиться. Вначале на празднике последнего звонка, затем при сдаче государственных экзаменов и, конечно, на городском вручении – Бал медалистов г.Алматы, который проходил в Royal Tulip. Это потрясающее зрелище стало блестящим завершением 2017-18 учебного года.

Знак «Алтын белгі» – это высокая победа, потрясающий триумф. Это гордость и слава нашей школы, и прежде всего, всего педагогического коллектива! И какой бы путь ни выбрали для себя наши выпускники, школа навсегда останется в их жизни ярким стартом.

*А.Б.Аликулова,
преподаватель русского языка и литературы школы при КАУ*

Менің мамандығым — менің мақтанышым

*Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық,
өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.
Ы. Алтынсарин*

Ұстаз – ұлы есім, ұлық маман иесі. Өйткені ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және жақынына да, жат адамдарға да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік нұрын төгетін, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек жандар.

Иә, Ұстаз – ұлағатты есім. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді. Халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының «Ұстаздық – ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Бола-



шақтың басшысын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді» деп, бекер айтпаған. «Бала жүрегі – кішкентай күйсандық. Ол күйсандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек» дейді, заңғар ақын Мұхтар Шаханов.

Ұстаз болып еңбек еткеніме 25 жыл уақыт өтсе де осы мамандықты таңдағаным еш өкінбеймін, керісінше дұрыс шешім жасағаным күн санап көзім жетіп келеді.

Иә, бұл – менің мамандығым, менің сүйікті ісім. Мен жүрек қалауымен ұстаз болдым. Ұстаз болу – жай ғана мамандық емес. Ол – адам бағдарын жасаушы, келешек ұрпақтың сәулетшісі. Жас ұрпаққа білім мен тәрбиеден басқа сабырлық пен төзімділік, парасаттылық пен сыпайылық, сенімділік пен тәуекелшілдікті үйретіп, бойына дарыту – бұл нағыз педагогтың ісі. Сондықтан да, ұстаз мамандығын мамандықтың төресі десем артық болмас деймін.

Жас ұрпақтың білімді де білікті, парасат-пайымы мол, саналы азамат боп жетілуі үшін тәлім мен тәрбие беріп жүргенім менің кеудемде мақтаныш сезімін оятып, өзіме артылған сенім жүгінің салмағын арттыра түседі. Менің шәкірттерім егемен елдің, тәуелсіз Қазақстанның толыққанды азаматы болып шықса, менің абыройымның артқаны, мәртебемнің өсуі, еңбегімнің жанғаны.

Міне, осындайда «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет» деген Бауыржан Момышұлының керемет дана сөзін әрқашан есіме аламын.

Әрине, ұстаз болу үшін жоғарғы педагогикалық оқу орнын бітіру аздық етеді. Ұстаздық атты ұлы шыңға көтерілу үшін өмір бойы оқысың. Өзің шын мәніндегі үлкен оқушы болғанда ғана келме ұстаздыққа қол жеткізе аласың деп білемін. Бұл менің ұзақ жылдар ұстаздық еткен қызметімнің алтын арқауы, бәйтеректей биік діңгегі. Соның айғағы ретінде биылғы оқу жылында Білім және ғылым министрі Е.Сағадиевтің мақтау қағазымен марапатталғанымды айта кеткім келеді. Сөзімнің соңында:

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Ұстаз болу – адамның асылдығы,

– деген Ғафу Қайырбековтың өлең жолдарын еске ала отырып, барлық ұстаздар қауымын, өзім еңбек етіп жатқан ҚАУ жанындағы мектеп ұжымын алда келе жатқан жаңа оқу жылымен құттықтаймын.

Биылғы оқу жылында алтын ұя мектебіміздің білім ұясы болып қалыптасқанына 20 жыл толғалы отыр. Осы атаулы мерекемен әріптестерімді, мекеме басшыларын, барлық шәкірттерімді шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін.

*А.З.Карипова
ҚАУ жанындағы мектеп мұғалімі*



*Жүрегіме жақын сенің есімің,
Әкем десем, Анам десем несі мін.
Жарқыраған көк тасында көшеңнің
Ізі қалған Сәкен бәтіңкесінің, –*

деп жырлаған Төлеген Айбергенов ақын ағамыздың өлеңін жатқа білетін жастардың «шіркін, өз жігерімізді, білімімізді көрсете алып, әсем қала Алматыға жас маман ретінде қызметте қалсақ» деп армандағанымызды білесіздер, замандастар. Мені де сол арман жетелеп, заң факультетін бітіргеннен кейін, өзім білім алған шаңырағымға – аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға жас маманның жолдамасымен жұмысқа бекітілдім.

Алматы қаласы әрдайым саяси, мәдени шаралардың күретамыры. Тек қана идеологиялық тұрғыда ғана емес, ол республикалық деңгейдегі іс-шаралардың мұрындығы болып, басқа да өңірлердің тұрмыс-тіршілігіне ат салысып келеді. Соның біріне қатысқаным – менің бақытым деп білемін.

1993 жылдан бастап республика халқы Ұлы Абайдың 150 жылдығын халықаралық деңгейде атап өту үшін жаппай дайындалды. Мемлекет деңгейінен тиісті үкімдер шығарылды. Бұл шара арқылы еліміздің тәуелсіздік алғаннан соң ұлтымызды алғаш паш ететін, біздің бетке ұстаған кемеңгер ұлымызды ұлықтаумен бірге, дана Абаймен тәуелсіз мемлекет құрған қазақты планетаға нақты таныту мақсат етілді. Халқымыздың табиғатына сай осы зор мүмкіншілігін пайдалану парыз еді. Ал, осы шаралардың барлығында Алматы қаласының әкімдігі өзінің сол тұстағы астана әрі бас қала ретіндегі салмағын көрсетті.

Әкімшіліктің тапсырмасы бойынша мен қалалық құрылыс және коммуналдық шаруашылық бөлімі басшысының орынбасары ретінде іс-сапарға баратын болдым. Республикалық деңгейде талап қойылған жұмысқа мұқият болу өз алдына, хакім Абайдың мерейтойына қызмет көрсету арманым еді. Оған қоса жүректегі ақынға деген терең махаббат сезімі алып ұшты. Тапсырма аталған шараға байланысты бір-бірінен жеке дара қабылданбайтын Абай мен Мұхтар Әуезовке тікелей байланысты болатын.

150 жылдыққа келген қонақтардың міндетті түрде М.Әуезовтің туған ауылына баратыны хақ. Мұхтар Омарханұлының Бөрілі ауылында ғұмыр кешіп, сол жерден мәңгілік мекен тапқан әкесі мен шешесі «Омархан-Нұржамал» кесенесінің құрылысын салу Алматы қаласының еншісіне тиген. Сол құрылыстың басықасында болып, қаржыны жеткізу маған тапсырылды. Замандастар білесіздер, банкімен жіберілген қаражат уақтылы мердігерлерге жетпей жатқан экономикалық зобалаң кез еді. Сол тұстағы Алматы қалалық қаржы басқармасының басшысы Т.Әбдіқадіров орындалатын қаржылық іс-әрекеттердің «жабық ақпарат» екенін жеткізе келе, осыған байланысты менің де қауіпсіздігіме тікелей қатысты жайларды түсіндірді. Тапсырма берілерден бұрын қала әкімдігінің қызметкерлерінің арасында өткізілген іріктеудің талаптарына менің мүмкіншілігімнің басым болғанын қадай айтты. Сонымен мен құрылыстың жүргізілуін қадағалап, жұмыстың қаржыландыру мәселесін шешіп келетін болдым. Қала басшылығы, «іс-сапардан соң берген ақпаратыңнан Бөріліге өзіміз барып көріп келгендей болайық» - деп қандай баяндама дайындап келу менің іскерлігім мен жауапкершілігіме байланысты екенін түсіндірді.

Осыған қоса ақпан айында Алматыда барлық өңірдің басшыларымен жиналыс өткізілетінінен хабардар болдым. Қалада мерейтой ауқымында аталған құрылыстан басқа да көптеген сала-

ОМАРХАН МЕН НҰРЖАМАЛ КЕСЕНЕСІ



да жұмыстар жасалатыны белгілі. Сол жиында Алматы қаласының Абайдың мерейтойын атап өтуге дайындықтары тыңдалатынын түсіндім. Төбем көкке жеткендей боп тұрған мен тапсырманы жоғарғы деңгейде орындайтынымды айттым. Іс-сапарға дайындалу барысында құрылыс жабдықтарының қандай өңірден жеткізілетінін анықтап алғанмын. Картасымен қоса екі араның шақырымын, уақытын, керекті шығындарын, орындалу мерзімдерін және техникалық талаптарға сай сұраныстарды қанағаттандыру үшін керекті ақпараттарды толық дайындап өзімнің тікелей басшым, бөлім басшысы М.Серғазинге көрсетіп, мақұлдатып алдым.

Қаңтар айының 15-ші жұлдызында даланың ұлы перзенттері Абай мен Шәкәрім, Мұхтарларды өмірге әкелген Шыңғыстау өлкесіне жол тарттым. «Ұлы істе Алла да жар» демекші, жолым болды. Семейде мерейтойға байланысты өкіметтік комиссия жұмысын қарқынды жатқан уақыт. Менің қарамағымға автокөлік, жауапты қызметкерді бекітіп берді. Құрылыс жұмыстары басталып кеткен екен. «Қаражат уақтылы келсе жақсы болар еді-ау» деп жүрген белсенділердің көңілі жай тапты. «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» деп мақалдаған жергілікті жігіттердің сөзі сүйікті қалам Алматы үшін мақтаным сезіміне бөледі. Өйткені, мен тек орындаушы, ал бастаушы да, қадағалаушы да – халық. Олардың көңілі көтерілмей қайтсын, ауқымды қаражат жеткізілген еді. «Күлшелі бала – сүйкімді» дегендей, мені Алматыдан келген қадағалаушы емес, сыйлы қонақтай қарсы алды. Жетісудан жеткен мен Жидебай ауылына барып Абай мен Шәкәрімге арнап салып жатқан құрылыс кешеніне тағзым жасадым.

Қандай ғажап! Аспанмен таласқан екі кесенені көргенде ұлыларын ұлықтаған халықтың перзенті екеніме кеудемде мақтаным ұялады! Амфитеатрдың ортасына тұрып сол жердегі жұмысшыларға Абай мен Шәкәрімнің екі-үш өлеңін жатқа оқыдым. Сол уақыттағы менің жанымды тебірткен жай: дүние шыр айналып кеткендей болды. Сөйтсем мені ғана

емес, сол амфитеатрдағы өлең тыңдаған жандар Абай мен Шәкәрім өздерін екі жағынан алақанға алып аялағандай сезімде болғандарын айтып, таң қалысты. Өз басым рухани шексіз қуаттандым.

Осы арада бала кезімде естіген аңызға айналған әңгімені айта кетуді жөн көрдім. Ауылда Сержан есімді ағамыз тұратын. Имань саламатта болғай! Ағамыз тік мінезді, ақиқатты ашық айтатын адал азаматтардың бірі болғаны елге белгілі. Осы ағамыздың кезінде: «...Менің атамның басына Абайдың өзі келіп зиярат жасаған», деп айтқанын естіген едім. Сөзіне балалықпен мән бер-

мен үшін Абай мен М.Әуезовті тірідей көргендей әсерге бөледі. Білімімді пайдаланып толыққанды баяндама үшін барлық құрылыс жұмыстарын айналдыра, жеке бөлшектерін, панорамалық фотосуретке түсіріп, фотоальбом дайындадым. Құрылыс жобасының қалай іске асырылып жатқанын толықтай суреттейтін анықтама-баяндама жасап Алматыға жеткіздім. Басшылық еңбегімді лайықты бағалады. Ең бастысы, халық жабыла көтерген жүктің бір бұрышына өзімнің иығымды тигіздім дей аламын. М.Әуезовтің еңбектерінен өзімнің өмірге деген көзқарасыма бағдар алып жүрген мен, осылардың бәрін менің әдебиетті сүйетін азамат ретіндегі бақытым деп білемін. Толғанған бір сәттерде М.Әуезовтің 100 жылдығына арналған республикалық байқауда бас жүлде алған Жарасқан ақынның өлең шумақтары еске түседі:

*Біреулер Шекспирмен шендестірді,
біреулер Бальзакпен белдестірді...
Бір табан бізге жақын орыс қой деп,
Біреулер Толстоймен теңдестірді...*

*Кезеңнен қилы-қилы көрдің мәзір...
Аласың! Алып тындың орныңды өзір!
«Шығыстың Шолоховы» едің кеше,
«Әлемнің Әуезові» болдың қазір!*

Қанатын кең дүниеге жайған жансың,
Жанатын қараңғыда қайғы-ормансың!
Болса егер Алаш үшін Абай Құдай,
Алаштың баласы үшін – Пайғамбарсың!
– деп жырлаған ақынның жүрегінен шыққан жыр ұлтым деп соққан жүректі тебірткеніне куәміз!

Ал енді, М.Әуезовтің мәңгілік мекен тапқан Алматы қаласындағы Райымбек даңғылы бойындағы алаңдағы құлпытастағы Абайдың «Өлді деуге сыяма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген өлең шумағын оқығанда, дана Абай осы ғұлама сөзді М.Әуезовтің керемет дарын жазушы боларын біліп, осы асыл сөзді әдейі арнаған ба деген ой келеді. Қазақтан өзін зерттейтін бірден-бір азаматтың боларына көміл сенген ғой.

Тағдырым тұңғыш рет М.Әуезовті маған мектепте таныстырса, ержетіп, махаббат сезімі шарпыған шағымда өзім ізденсем, есейе келе қызмет бабымен, бағым жанып жазушыға тағы бір рухани қадам жасағандай болдым. 2007 жылы М.Әуезовтің 110 жылдығында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында баяндамасына оқта-текте ғана бір қарап, екі сағат аралығында мінбеде мүдірмей М.Әуезов туралы дастанын тыңдатқан ұлтымыздың біртуар азаматы Қазақстанның Еңбек Ері Ә.Кекілбаев көкеміздің сөзінен соң, біз өлі де М.Әуезовті толыққанды танып біле қоймаппыз деген ойда болдым. Ия, бұл мүмкін де емес, өйткені уақыт өткен сайын әр қырынан көрінетін М.Әуезов әдебиеттің мәңгілік ғұмырына жол сілтеген дарын сәулесі дегім келеді. Сол жарық сәуле күннен-күнге үстеме бермегі талассыз.

Мақтанашпен айта алатыным, Қазақстандағы жалғыз әкімшіліктік аумақ – Алматы қаласындағы М.Әуезов атындағы ауданда атқарушы биліктің басшысы (әкім) болдым. Аудан – еліміздегі ең ірі 582 мың тұрғыны бар аудан. Осы ауданның қаламыздың үлгі алатын бөлігі болуына қызмет жасадым, мақсатымды іске асырдым. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыда М.Әуезов ауданы бірінші орында болды. Қазақстан Жазушылар одағының кітапханасы біздің ауданда орналасқанын пайдаланып 110 жылдыққа орай республикалық әдеби кеш ұйымдастырдық. Сол кеште Т.Медетбек ақын аудан қызметкерлерінің М.Әуезовтің еңбектерін жақсы білетінін атап айтты.

(Соңы 4-бетте)

ЧТО ВЫБРАТЬ: КОЛЛЕДЖ ИЛИ 10 КЛАСС?

Летом работа в приемных комиссиях учебных заведений кипела, перед каждым абитуриентом стояла непростая задача - выбор дальнейшего пути. В 15 лет трудно определиться с будущей профессией, решить, продолжать учебу в школе или поступить в колледж или училище.

Большинство ребят не решаются покидать стены школы после 9-го класса, считая, что профессиональное образование якобы уведет их в сторону от призвания, которое они еще не нашли. Но на деле профессиональное образование только обогатит ваш учебный и трудовой опыт. В школе пришлось бы дозреть до важного решения в среде привычных учебных дисциплин, знакомых педагогов и одноклассников. А в колледже - все новое! Это хорошая встряска, которая поможет понять, чего вы на самом деле хотите.

Профессиональная специализация в колледже начинается в основном со 2-го курса, так что первокурсники и десятиклассники часто изучают одно и то же. В колледжах нет «лишних» предметов, отступать некуда и некогда: впереди диплом и работа! Даже если решите сменить направление обучения, поступив в вуз другого профиля, то жизненный багаж пополнится ценным приобретением - квалифицированной специальностью, которая всегда прокормит. Шанс начать с нуля: новая группа, новые предметы, новые преподаватели, новая жизнь! И еще стипендия! Пусть небольшие, но собственные деньги!

Возможность начать самостоятельную жизнь и карьеру раньше сверстников-десятиклассников, поступить в ВУЗ и закончить его в сокращенные сроки!

Студент колледжа осваивает материал по специальности и к третьему курсу уже может начать работать. Этот вариант больше подходит ребятам, имеющим четкое представление о том, какой сфере труда они захотят себя



посвятить. Специалистами не рождаются, чтобы стать мастером своего дела, необходимо пройти серьезную школу. Достижение весомых результатов в жизни и карьере отмечают: путь к высотам мастерства в профессии начинать лучше всего с азова, познав всю производственную цепочку снизу доверху, что позволит будущему специалисту быть компетентным на всех уровнях.

Выбирая учебное заведение, грамотный и разборчивый абитуриент обратит внимание на его «возраст», ведь в старейших, как правило, существуют богатые традиции и серьезная материальная база, солидный опыт преподавателей, преемственность поколений. Всеми этими качествами обладает Алматинский колледж связи при КАУ, который в 2018 году отметил 88 летие! Приемная комиссия АКС в этом году стартовала успешнее, чем в прошлом, количество заявлений увеличилось в разы. Мы желаем удачи всем, что выбрал наш колледж!

Куаныш Тунгенбаева,
преподаватель

МЕНИҢ БАҚЫТЫМ – КАУ!

Құрметті дос, сенде өз өміріңде қандай да бір жеңіске жетсең қуанасың ғой иә? Міне, менің де қуанышым қойыныма сыймай асып-тасып жатқаны бар емеспе, себебі мен Алдоңғар Аружан Айболатқызы осы 2018 жылдың 21 шілдесінде Қазақ-Америка Университеті (КАУ) инстаграм, фейсбук желілерінде ұйымдастырған сайысқа қатысып, барлық шарттарды дұрыс орындап, өз бағымды сынап көрген болатынмын. Жалпы, жас түлек үшін оқуға грантқа түсіп кету бір бақыт! Сондай бақыттың басыма бақылып қонғанына мен қатты қуаныштымын!



Мен о баста осы оқу орнында болған шығармашылық емтиханға (журналистика мамандығы бойынша) қатысқан болатынмын, сол кезде мен жаным серік болар дос таба білдім. Әдетте, мен адамдармен тіз тіп табыса бермейтінмін, алайда бұл Университеттің ауасы ерекше екенін білдіріп тұр емеспе!

Қазақ-Америка Университеті несімен ерекше? КАУ ол спорт жағынан, өнер-білім жағынан да үлкен биік белестерге жетіп, күннен-күнге құлпыра түскен бір саябақ іспеттес. Адамдар саябақта терең тыныстап, демалып бой жазып алады емес пе? Міне, КАУ-да сен демалып әрі жақсы білім алып шығасың! 1997 жылы кірпішін қалаған Әмірлан Құсайынов болатын, өне-міне деп бүгінде Қазақ-Америка Университетіне биыл 20 жыл толып

отыр. Осы 20 жылдың ішінде КАУ өзіне танымалдылық жинап үлгерді әріқарай да КАУ-дың бағындырар биік белестері әлі алда...

Құрметті жас түлек, сенде «Қазақ-Америка Университетін» таңдасаң қателеспейсің! Себебі, КАУ өзінің студенттері үшін бар мүмкіндіктерді жасап қойған және де 4 жылдық оқуыңды аяқтаған күннен кейін де Универ ұжымы сенімен байланысын еш үзбей, сенің жұмысқа орналысып кетуіңді қадағалайтын бірден-бір мықты әрі керемет оқу орнының бірегейі болып табылады. Жас дос КАУ өзінің инстаграм парақшасында тағы бір сайыс ұйымдастырып жатқанын көрдің бе, егер көрген болсаң сен де қатысып көр. Мүмкін, келесі бақытты жан сен боларсың!

Аружан Алдоңғар



(Соңы. Басы 3-бетте)

Бұл бізге берілген жоғарғы баға еді. Ғұлама жазушының мұражай-үйіне, театрына міндетті түрде барып тұруымыздың, жиі-жиі кештер өткізетініміздің нәтижесі болар. Бала кезімде үйдегі кітапханада кітаптар реттігі оңнан солға қарай болатын. Кітаптар реттігі М.Әуезовтің мұражай-үйінде де солай. Әкем Сағымбек пен шешем Жамал ұстаз болған. Қазір менің жеке кітапханамдағы кітаптардың саны алты мыңнан асады. Олар да оңнан солға қарай орналасқан. Мәселе, кітаптардың санында емес, оның әрқайсысын оқығанымда, қандай кітап болса да мазмұнын айта алатындығымда.

Мен әдебиетші емеспін жәй ғана оқырманмын, 2014 ж. Ұлы Жеңістің жетпіс жылдығына арнап Қазақстан Жазушылар одағының жобасымен елімізде алғашқы рет «Дара оқырман» кешін өткіздім. Осы форматта соңғы рет Одақ кезеңінде 1988 ж. Л.Филатов өткізгенін білесіздер. Екі сағатқа созылған сол кеште ақындардың өлеңдерін жатқа оқыдым, өзім жүргіздім, залдан келген сұрақтарға ақындардың өлеңдерінің шумақтарымен жауап бердім. Кеште еңбектері көрерменге

кеңінен мәшһүр етілген қазақтың ұлы ақыны Абай, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, М.Мақатаев, С.Мәуленов, О.Әубәкіров, Ж.Әбдіреш, М.Шаханов, Т.Медетбек, Н.Оразалин, Ғ.Жайлыбай, М.Райымбекұлының шығармалары болды.

Тағы бір айтпағым, 2015 жылы ақын ағам – Темірхан Медетбектің жетпіс жасын атап өту үшін іссапармен Шымкент облысында болдық. Темірхан аға бастап Шолпан жеңешем, Мереке Құлкенов, Қасымхан Бегман, Әмірхан Меңдеке, Қазбек Иса, Қалдыбек Құрманәлі бәріміз барған сапарда Темірхан ағаны оңтүстік халқы тік тұрып қарсы алды. Туған ауылына барғандағы ақынның тебіренісіне куә болдық. Жолсерік болу, ал осындай ақын, қоғам қайраткерлерімен бірге болу мен үшін үлкен ғанибет еді. Қаншама өлең оқылды, әңгіме айтылды, сыр ақтарылды десеңші!

Әсіресе, Ә.Меңдекенің айтқан сөзі әр кімді болса да ойлантатын күмән жоқ. «...Қазаққа әлі де келеді, халықтан шығады ғұлама ақын да, жазушы да өйткені ұлттан Махамбет, Абай, Мұхтарлар шыққан. Ал, оқырман болмаса – осы қасірет!». Міне қалай? Олдай бол-

са, өз әңгімеді өз өлеңіммен аяқтайын.

Санамда менің тұрады,
Тұрады ылғи бір егес.
Қаламгер Ұлы болғанда,
Оқырман неге Ұлы емес?

Әлемнің жасын құрғатып,
Тұңғығына шым батып.
Ұлылар жазған шындықты,
Жүрекпен ұғу шын бақыт.

Өмірдің өзі өлең ғой..
Өлең ғой өмір дегенің.
Өмірді емес сондықтан,
Абайды жаттап келемін.

Абайды жатқа оқысам,
Өзің ақ досым байыпта..
Қазақтың барша Ақынын,
Абайдай сүйсем айып па?

Жаттаймын мәңгі Абайды,
Өлең, Жыр менің тынысым..
Артынан ерген Абайдың,
Қарындастары мен інісін!

Әділ Сағымбекұлы Несіпбаев,
Қазақ Америка Университетінің
бірінші вице-президенті,
Абайтанушы

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

Семинар-тренинг на тему «Психологические свойства темперамента», прошедший в АКС при КАУ, ставил задачу развития у педагогов личностных тенденций, мотивационных установок, обучения навыкам уверенного поведения. Организаторами мероприятия были психологи С.Ж. Бакибаева и Л.Н. Берикбаланова.

Интересную презентацию «Типологические свойства темперамента» представила Сауле Жайлыбековна, рассказав о Гипократовских четырех типах темперамента, как наиболее древнем и известном примере типизации. Интересным был практический тренинг с экспресс-диагностикой, психологическими упражнениями и играми, обучением навыкам саморегуляции. Лаура Нурлановна провела с участниками сюжетно-ролевою игру на определение ведущего стиля поведения в конфликтной ситуации по методике Томаса Киллмана.

Тёплая дружеская атмосфера, вопросы, шутки и познавательные игры украсили это позитивное мероприятие, в конце которого психологи и преподаватели за чашечкой ароматного кофе с вкусной кулинарной выпечкой поделились своими эмоциями и впечатлениями. Безусловно, такие семинары важны, позволяя каждому раскрыться. Огромное спасибо нашим психологам!

Куаныш Тунгенбаева,
преподаватель АКС при КАУ